

## Жер учаскелеріне төлемақының базалық ставкаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі N 890 Қаулысы

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.10 № 1154 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### 1. Мыналар белгіленсін:

1) 2-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары;

1-1) мемлекет меншігіндегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелеріне жеке сервитут белгілеу үшін жер салығы мөлшерінің елу пайызы мөлшерінде төлемақы ;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жер учаскесі бойынша есептелген жер салығының мөлшерінде мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушылар жер учаскелерін жалға берген кезде жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасы.

Бұл ретте жер учаскесі үшін жыл сайынғы жалдау ақысының мөлшері жер учаскесін жалға берген кездегі ол үшін базалық ставканың мөлшерінің 100-120% шегінде белгіленеді ;

3) жер учаскелерін жалдау құқығын сату төлемақысының мөлшері жер учаскесінің кадастрлық (бағалық) құнының пайызымен мынадай мерзімдер бойынша:

10 жылға дейін, оны қоса алғанда - жыл сайын 2%;

11 жылдан 30 жылға дейін - 20%, 10 жылдан жоғары әр жыл сайын 1,5% қосылады;

31 жылдан 49 жылға дейін - 50%, 30 жылдан жоғары әр жыл сайын 1% қосылады.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.22. N 408 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.10.10 № 1154(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

2. Жер учаскелері үшін төлемақы және жалдау құқығын сату төлемақысы базалық ставкаларының жоғарыда көрсетілген мөлшерін жер учаскелерін немесе жер пайдалану құқығын кепілге қойған кезде жерді бағалау үшін, сондай-ақ оларды шаруашылық серіктестердің жарғылық қорларына жарна ретінде не өндірістік кооперативтерге пай ретінде берген жағдайда, меншік иесін (жер пайдаланушыны) жер учаскесіне меншіктің жалпы үлесінен (жалпы жер пайдалану үлесінен) бөлу кезінде жер үлесінің

құнын белгілеу үшін, жер учаскелерін немесе пайдалану құқығын шаруашылық жүргізуші субъектілердің активтеріне енгізген кезде және жер учаскесінің немесе жер пайдалану құқығының құны тараптардың келісімімен белгіленуі мүмкін болмаған өзге де жағдайда, олардың құнын бағалау үшін қолдану ұсынылсын.

3. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган инфляцияның жалпы деңгейі туралы мемлекеттік статистика деректерінің және жер нарығының мониторингі нәтижелерінің негізінде қажеттілігіне қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жеке меншікке берген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларының өзгеруі туралы ұсыныстар е н г і з с і н .

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.10 № 1154 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

3-1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті мемлекеттік органдары жергілікті талаптарға және ерекшеліктерге орай ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қоспағанда, облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде және ауылдық елді мекендерде жеке меншікке беру кезінде жер учаскелерінің базалық ставкаларын бекітсін.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.10 № 1154 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Мемлекеттің жеке меншікке сататын немесе жер пайдалануға беретін жерлері үшін төлем ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 мамырдағы N 576 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 20 , 174 - қ ұ ж а т ) ;

2) "Жекелеген отандық өндірушілерді қолдау мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 13 тамыздағы N 763 қаулысының 9-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 28, 236-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 мамырдағы N 576 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 мамырдағы N 566 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 18, 194-құжат).

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң

2003 жылғы 2 қыркүйектегі

№ 890 қаулысына

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.10.10 № 1154 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 2 қыркүйектегі

№ 890 қаулысына

2-қосымша

### Жер учаскелерін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жеке меншікке берген кезде олар үшін төлемақының БАЗАЛЫҚ СТАВКАЛАРЫ

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.13. № 666 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2007.05.22. № 408 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

гектарына мың теңгемен  
(таблицаның жалғасы бар)

Облыстар	Ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері	Топырақтың типтері мен шағын типтері							9
		3	4	5	6	7	8		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	

Ақмола

суарылмайтын

егістік 49,4 34,4 24,4 18,1 11,9  
суармалы

	егістік							71,9	63,1	53,1	46,9	43,1	
	шабындық							14,4	13,1	10,6	10,6	6,9	
	жайылым	9,2	8,1	6,9	5,6	4,4							
А қ т ө б е									с у а р ы л м а й т ы н				
	егістік								33,1	23,1	16,9	11,9	
									с у а р м а л ы				
	егістік							65,6	56,9	49,3	43,1	39,4	
	шабындық							11,9	10,6	9,4	6,9	4,4	
	жайылым	8,1	5,6	4,4	4,4	2,3	1,9						
А л м а т ы									с у а р ы л м а й т ы н				
									е г і с т і к				
									с у а р м а л ы				
	егістік											40,2	
	шабындық											5,6	
	жайылым						2,0						
А т ы р а у									с у а р м а л ы				
	егістік								41,9	38,2		31,7	
	шабындық								5,6	4,4		4,4	
	жайылым				3,1	2,2	1,9						
Ш ы ғ ы с									с у а р ы л м а й т ы н				
Қ а з а қ с т а н	егістік							59,5	39,4	25,6	18,1	14,4	7,8
									с у а р м а л ы				
	егістік							68,4	63,3	55,6	45,6	44,4	30,7
	шабындық							18,2	14,5	11,9	10,6	6,9	4,4
	жайылым	13,5	11,7	8,1	5,6	3,1	1,9	1,9					
Ж а м б ы л									с у а р ы л м а й т ы н				
	егістік											40,2	
									с у а р м а л ы				
									е г і с т і к				
									ш а б ы н д ы қ				
	жайылым						2,0						
Б а т ы с									с у а р ы л м а й т ы н				
Қ а з а қ с т а н	егістік								33,1	24,4	18,1	10,6	
									с у а р м а л ы				
	егістік								65,6	56,9	49,3	45,6	
	шабындық								13,1	10,6	9,4	6,9	
	жайылым	9,4	6,9	4,4	4,4	1,9							
Қ а р а ғ а н д ы									с у а р ы л м а й т ы н				
	егістік								34,4	21,9	18,1	11,9	7,8

								с у а р м а л ы				
		егістік	63,1	54,4	44,4	43,1	38,1	31,7				
		шабындық	11,9	8,1	8,1	6,9	4,4	3,1				
	жайылым	6,9	5,6	4,4	3,1	1,9	1,7					
Қызылорда									с у а р м а л ы			
		егістік					39,4	50,1				
		шабындық						5,6				
	жайылым		2,0	2,0								
Қостанай									с у а р ы л м а й т ы н			
		егістік	51,9	35,6	26,9	19,4		11,9				
									с у а р м а л ы			
		егістік	73,1	63,1	51,9	46,9		43,1				
		шабындық	14,4	13,4	11,6	10,6	5,6	5,6				
	жайылым	7,9	7,6	6,9	5,6	3,1	1,9					
Маңғыстау									с у а р м а л ы			
		егістік					39,4	32,7				
	жайылым		1,8	1,7								
Павлодар									с у а р ы л м а й т ы н			
		егістік			29,4	21,9	16,9	10,6				
									с у а р м а л ы			
		егістік			56,9	46,9	43,1	41,9				
		шабындық			18,1	15,6	13,1	6,9				
	жайылым	8,1	6,9	5,6	3,1							
Солтүстік									с у а р ы л м а й т ы н			
Қазақстан		егістік			55,6		38,1	29,4				
									с у а р м а л ы			
		егістік			71,9		63,1	54,9				
		шабындық			15,6		14,4	11,9				
	жайылым	12,8	10,6	8,1								
Оңтүстік									с у а р ы л м а й т ы н			
Қазақстан									егістік			
									с у а р м а л ы			
		егістік						51,6				
		шабындық						4,4				
		жайылым						2,0				

(таблицаның жалғасы)

| Ауыл | сұр | құм. | сұр | сұр | тауға | тауға | суб.

Облыстар	шаруашы.	қоңыр	дар	топы.	топы.	жапсар.	жапсар.	алпі.
	лығы	(күріш	рақты	рақ.	лас	лас	лік	
	алқапта.	себу	ашық	ты	және	және	және	
	рының	айма.	және	(мақ.	таулық	таулық	алпі.	
	түрлері	ғы)	қара.	та	ашық	қара	лік	
			пайым	шару.	қызыл	топы.		
				аш.	қоңыр	рақты		
				айма.		және		
				ғы)		қызыл		
						қоңыр		

1

2

10

11

12

13

14

15

16

Ақмола

суарылмайтын

егістік

суармалы

егістік

шабындық

жайылым

1,8

Ақтөбе

суарылмайтын

егістік

суармалы

егістік

шабындық

жайылым

1,9

Алматы

суарылмайтын

егістік

14,4

25,6

30,6

суармалы

егістік

89,6

82,4

126,9

шабындық

11,9

11,9

13,1

11,9

жайылым

2,0 5,6

8,1

9,4 8,1

Атырау

суармалы

егістік

шабындық

жайылым

1,8

Шығыс

суарылмайтын

Қазақстан

егістік

14,5

26,8

49,4

суармалы

егістік

66,0

	шабындық				10,6		11,9	14,4	10,6
	жайылым	1,9	5,6	8,1	9,4	8,1			
Ж а м б ы л							с у а р ы л м а й т ы н		
	егістік						15,6	24,4	26,9
							с у а р м а л ы		
	егістік						74,5		114,1
	шабындық						10,6	10,6	11,9
	жайылым	1,9	5,6	6,9	8,6	6,9			9,4
Б а т ы с							с у а р ы л м а й т ы н		
Қ а з а қ с т а н							егістік		
							с у а р м а л ы		
							егістік		
							ш а б ы н д ы қ		
	жайылым	1,9							
Қ а р а ғ а н д ы							с у а р ы л м а й т ы н		
							егістік		
							с у а р м а л ы		
							егістік		
							ш а б ы н д ы қ		
	жайылым	1,9							
Қ ы з ы л о р д а							с у а р м а л ы		
							егістік		99,2
							ш а б ы н д ы қ		10,6
	жайылым	1,9	4,4						
Қ о с т а н а й							с у а р ы л м а й т ы н		
							егістік		
							с у а р м а л ы		
							егістік		
							ш а б ы н д ы қ		
	жайылым	1,9							
М а ң ғ ы с т а у							с у а р м а л ы		
							егістік		
	жайылым	1,8							
П а в л о д а р							с у а р ы л м а й т ы н		
							егістік		
							с у а р м а л ы		
							егістік		
							ш а б ы н д ы қ		
	жайылым	1,9							

Солтүстік  
Қазақстан

суарылмайтын

егістік

суармалы

егістік

шабындық

жайылым

Оңтүстік

Қазақстан егістік

суарылмайтын

16,9 24,4 26,9

суармалы

егістік

99,2

87,8 137,7 130,5

шабындық

11,9

10,6 11,9

жайылым

2,0 4,4

6,9 8,8 6,8

---

Ескертпе: көп жылдық екпелер егілген жер учаскелері егістікке белгіленген базалық төлем ставкалары бойынша бағаланады.

Ауыл шаруашылығы мақсатына берілетін жер учаскесінің құрамындағы басқа да алқаптар (сортаң топырақтар, құмдар, тақыр жерлер және ауыл шаруашылығы алқаптары массивтеріне араласқан басқа да алқаптар) топырақтың тиісті типі мен кіші типі бойынша жайылымға белгіленген базалық төлем ставкасының 50 пайызы мөлшерінде бағаланады.